



Қазақстан Республикасының әлеуметтік экономикалық дамуының индикативтік жоспарларын әзірлеу мен іске асыру тәртібін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 14 мамыр N 596. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.03.21. N 432 қаулысымен. ~P990432

Орталық және жергілікті атқарушы органдардың республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарларын қалыптастыру жөніндегі өзара іс-қимылын ретке келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының

индикативтік жоспарларын әзірлеу мен іске асырудың қоса беріліп отырған тәртібі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, министрліктер, мемлекеттік комитеттер, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдар бекітілген тәртіпке сәйкес Қазақстан Республикасының 1997 жылға және бұдан кейінгі жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарларын жасайтын болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 14 мамырдағы
N 596 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық
дамуының индикативтік жоспарларын әзірлеу мен
жүзеге асыру
Тәртібі

1. Осы Тәртіп Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарларын әзірлеу мен іске асыру ұғымын, ұйымдастырушылық және методологиялық негіздерін, сондай-ақ орталық және жергілікті атқарушы органдардың өзара іс-қимылының мазмұнын, тетіктерін а й қ ы н д а й д ы .

I . Ж а л п ы е р е ж е л е р

2. Индикативтік жоспар Қазақстан Республикасы Үкіметінің іс-әрекеті мен мемлекеттік реттеу шараларының нәтижесінде қол жеткізуге болатын елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының аса маңызды мақсатты көрсеткіштерінен (индикаторлардан) тұратын құжат.

3. Әлеуметтік-экономикалық дамудың индикаторлары ретінде экономиканың дамуын, құрылымын және тиімділігін, қаржы ахуалын, ақша айналымын, тауарлар мен құнды қағаздар рыногын, бағаның өзгеруін, сыртқы экономикалық байланыстарды, жұмыспен қамтамасыз етуді, халықтың тұрмыс деңгейін, экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды сипаттайтын көрсеткіштер пайдаланылады. Көрсеткіштердің нақты тізбесі индикативтік жоспарды әзірлеу кезінде әлеуметтік-экономикалық дамудың жоспарланатын кезеңге арналған мақсаттарға, міндеттерге және басымдықтарға сәйкес а й қ ы н д а л а д ы .

4. Шаруашылық жүргізуші субъектілердің белгіленген мақсаттарға жетуі үшін экономикалық қызметіне реттеуші ықпал ететін негізгі құралдар құқықтық регламенттеу мен экономикалық тетіктер жүйесі (бюджет, салық, ақша-кредит және сыртқы экономикалық саясаты, бағалар мен шаруашылық жүргізуші субъектілердің және халықтың кірістерін қалыптастыру саясаты, мемлекеттік орталықтандырылған инвестициялар, мемлекеттік сатып алулар жүйесі болып табылады). Экономикалық реттеуші тетіктер тізбесі мен іс-қимыл бағдары, реттеуші тетіктер нақты сақтық мәні елдің жоспарланатын кезеңге арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының ұсынылатын мақсаттарына, міндеттеріне және басымдықтарына сәйкес индикативтік жоспарды қалыптастыру барысында а й қ ы н д а л а д ы .

5. Индикативтік жоспарлау осы мақсаттарға сәйкес келетін әлеуметтік-экономикалық дамудың мақсаттарын, міндеттерін, басымдықтарын, индикаторларын қалыптастыру үрдісін, жоспарланатын кезеңге арналған мемлекеттік экономикалық саясаттың негізгі бағыттары және белгіленген нәтижелерге қол жеткізу мақсатында әлеуметтік және экономикалық үрдістерге мемлекеттік ықпал ету шараларын білдіреді.

6. Индикативтік жоспарлаудың негізгі мақсаты ұлттық экономикалық серпінді дамуын және оның құрылымдық қайта құрылуын қамтамасыз ету, дағдарыс құбылыстарының алдын алу және баяулату, елдің экономикалық қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетін қамтамасыз ету, шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметін алға қойылған жалпы ұлттық әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешуге бағдарлау болып табылады.

7. Әлеуметтік-экономикалық даму үрдістерінің бірлігі мен мақсаттылығын қолдау үшін индикативтік жоспарлау төмендегі негізгі талаптарды:
республика экономикасын мемлекеттік реттеу құралдарын тиімді п а й д а л а н у д ы ;

рыноктық тетіктердің қызметі негізінде экономикалық өзін-өзі реттеуінің жоғары деңгейін, шаруашылық жүргізуші субъектілердің экономикалық бастамалар көтеруіне кеңінен жол ашуды қамтамасыз етуді;

әлемдік тәжірибеде жалпы қабылданған талдау әдістері мен дамуға болжам ж а с а у д ы ң қ о л д а н ы л у ы н ;

тиімді аймақтық саясаттың қамтамасыз етілуін қанағаттандыруға тиіс.

II. Индикативтік жоспарлау жүйесі

8. Әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешу ұзақтығына қарай индикативтік жоспарлау жүйесі стратегиялық (ұзақ мерзімді), орта мерзімді және жылдық жоспарлардан тұрады. Шешілетін міндеттердің маңыздылығына қарай индикативтік жоспарлар макродеңгейде, аймақтық және салалық деңгейлерде ж а с а л а д ы .

9. Стратегиялық (ұзақ мерзімді) жоспар 10-15 жылға жасалады және ұлттық экономиканың дамуының ұзақ мерзімді, алдағы мақсаттарын, міндеттерін және басымдықтарын, оларды іске асыру кезеңдерін және мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясаттың жалпы бағыттарын айқындайды.

10. Кешенді түрде қарауды және ресурстарды артықшылықпен шоғырландыруды талап ететін аса ірі, маңызы бар әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық проблемалар бойынша стратегиялық жоспар құрамында мемлекеттік бағдарламалар жасалады. Олар өндірістік-ресурстық әлеуметтің өзгеруін болжамдық бағалауды ескере отырып, осы проблемалардың кезең-кезеңмен шешілуін қарастырады, проблемаларды шешу мақсатында әлеуметтік-экономикалық үрдістерге өзара байланысты шаралар кешенін және мемлекеттік ықпал ету әдістерін құрайды. Мемлекеттік бағдарламалар онда қойылған мақсаттарға қол жеткізуге қажетті кезеңге жасалады.

11. Орта мерзімді жоспар (3-5 жылға) әлеуметтік-экономикалық дамудың ұзақ мерзімді мақсаттары мен міндеттерін іске асыруға бағытталған мемлекеттік

әлеуметтік-экономикалық саясатты және экономикалық реттеуші тетіктер жүйесін айқындайды, стратегиялық жоспарларға, мемлекеттік бағдарламаларға енген өлшеулерді (индикаторларды) нақтылауды қамтамасыз етеді және экономика мен әлеуметтік саладағы шаралардың жоспарланатын кезеңге арналған барлық кешенін бейнелейді.

12. Жылдық (ағымдағы) жоспар ағымдағы жылдың макроэкономикалық теңдестіру проблемасын шешуге, қажет болған жағдайда экономикалық реттеуші тетіктерді және қалыптасқан жағдайды ескеріп, орта мерзімді жоспарда белгіленген басқа да шараларды түзетіп отыруға бағытталған. Әлеуметтік-экономикалық дамудың аса маңызды индикаторына тоқсандарға бейімделіп болжам жасалады.

13. Шаруашылық дамытудың ерекше, төтенше жағдайларына байланысты кезеңдерде (әлеуметтік-экономикалық дағдарыстар, ірі табиғи және техногендік апаттар) осы кезеңдердің және шешілуге тиісті әлеуметтік-экономикалық проблемалардың ерекшелігімен айқындалатын мерзімдерге арналып арнаулы бағдарламалар мен жоспарлар жасалады.

14. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарлары жалпы ұлттық мақсаттар мен міндеттерді, мемлекеттік экономикалық саясаттың негізгі бағыттарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің оларды жүзеге асыру жөніндегі шараларын айқындайды.

15. Облыстардың және Алматы қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарлары - аймақтық проблемаларды шешуге бағытталған, өз қаржы көздері есебінен қаржыландырылатын бөлігі бойынша дербес әзірлейді және жүзеге асырады, ал жалпы ұлттық проблемаларды шешуге және мемлекеттік орталықтандырылған қаражаттар есебінен қаржыландыруға қатысты бөлігі бойынша Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарында айқындалған индикаторлар мен ресурстар қ а б ы л д а н а д ы .

16. Салаларды әлеуметтік-экономикалық дамытудың индикативтік жоспарлары салалық саясаттың негізгі бағыттарын, саланы дамытудың түйінді проблемаларын шешу жөніндегі ұйымдастыру-техникалық және экономикалық ш а р а л а р ы н а й қ ы н д а й д ы .

17. Кәсіпорындар мен ұйымдар даму жоспарларын қолданылып жүрген заңдарға сәйкес мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясат, экономикалық реттеулер, мемлекеттік және салалық бағдарламалар, ішкі және сыртқы рыноктардағы сұраным, өнімдерді, жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) мемлекеттік сатып алу жөніндегі келісім-шарттар тұрғысынан дербес жасайды ж ә н е і с к е а с ы р а д ы .

III. Индикативтік жоспарлардың құрамы

18. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспары мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясаттың негізгі бағыттары туралы баяндамадан, республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының аса маңызды көрсеткіштерінен (индикаторлардан), Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясаттың негізгі бағыттарын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарынан, экономикалық реттеуші жүйеден, жоспарланатын кезеңде іске асырылатын мемлекеттік бағдарламалардан тұрады.

19. Мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясаттың негізгі бағыттары туралы баяндама Қазақстан Республикасы Үкіметінің экономикалық қызметінің бағдарламасы, бюджеттік жоспарлау, экономикалық реттеулер жүйесін жетілдіру үшін негіз болып табылады және оған мынадай тауарлар кіреді:

алға қойылған мақсаттарға қол жеткізуге, экономика мен әлеуметтік саланың қазіргі проблемаларына, олардың пайда болу себептері мен макроэкономикалық индикаторларға ықпалына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің экономика мен әлеуметтік саланың түйінді проблемаларын шешу жөнінде қолданып отырған шараларының тиімділігіне баға бере отырып, қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық жағдайға және өткен кезеңге арналған жоспардың іске асырылуына талдау жасау;

жоспарланатын кезеңге арналған негізгі мақсаттар, міндеттер және басымдықтар, олардың сандық және сапалық сипаттамасы;

жоспарланатын кезеңдегі алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу және ел экономикасының түйінді проблемаларын шешу жөніндегі мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясаттың негізгі бағыттары.

Бұл тарауда мынадай бағыттар айқындалады:

а) макроэкономикалық саясат:

ақша-кредит,

салық салу және бюджет саясаты;

б) құрылымдық-мекемелік қайта құрулар:

меншік қатынастарын өзгерту,

мемлекеттік меншікті басқаруды жетілдіру,

рыноктарды және рыноктық инфрақұрылымды дамыту,

монополияға қарсы және баға саясаты,

кәсіпкерлікті дамыту;

в) сыртқы экономикалық саясат:

елдің төлем балансын нығайту,

- сырттан алып пайдалану және сыртқы қарызды басқару саясаты,
сыртқы экономикалық қызметтегі тарифтік және тарифтік емес
реттеу саясаты,
Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттерге,
басқа да елдерге қатысты саясаты,
шетел инвестицияларын тарту саясаты;
- г) экономикалық саясат;
 - д) инвестициялық саясат;
 - е) ғылыми-техникалық саясат;
 - ж) материалдық өндірістің аса маңызды салаларын және олардың
инфрақұрылымын дамыту;
 - з) әлеуметтік саясаты:
әлеуметтік қорғау,
кірістер саясаты,
жұмыспен қамту саясаты,
білім беру,
денсаулық сақтау,
мәдениет,
тұрғын үй саясаты;
 - и) экологиялық саясат;
 - к) аймақтық саясат.

20. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының аса маңызды көрсеткіштері (индикаторлары) елдің экономикасындағы бағыт-бағдарды, конъюнктуралық және құрылымдық өзгерістерді, қаржы ахуалын, халықтың тұрмыс деңгейін, экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды және т.б. сипаттайды, оған қол жеткізу үшін жоспарланатын кезеңде реттеулерді барлық экономикалық жүйесі ж ұ м ы л д ы р ы л а д ы .

Көрсеткіштердің нақты құрамын жоспарланатын кезеңнің ерекшелігіне қарай Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі айқындайды және онда негізінен болжам жасалатын үрдістерді бейнелей алатын неғұрлым маңызды макроэкономикалық сипаттамалар болуға тиіс.

Аса маңызды көрсеткіштер экономика мен әлеуметтік салаларда мемлекеттік реттеу саясатын әзірлеу мен жүзеге асыру үшін негіз болып табылады.

21. Мемлекеттік экономикалық саясаттың негізгі бағыттарын іске асыру жөніндегі үкіметтің іс-қимыл жоспары экономиканы реттеу жөніндегі заңды және нормативтік базаларды құруға және жетілдіруге, аса маңызды әлеуметтік

экономикалық, соның ішінде экологиялық проблемаларды шешуге бағытталған шаралар кешені мен орталық және жергілікті атқарушы органдарға берілген тапсырмалардан тұрады.

22. Экономикалық реттеу жүйесі заттай, құндық және нормативтік көрсеткіштер кешенінен тұрады, солар арқылы мемлекет индикативтік жоспарда белгіленген мақсаттарға қол жеткізу мүддесі үшін экономикаға ықпал етеді.

Экономикалық реттегіштер жүйесіне мыналар кіреді:

қызметтің жекелеген түрлерін лицензиялау, өнімдердің жекелеген түрлерін экспорттау мен импорттауға арналған лицензиялар;

меншіктің барлық түрлерінің кәсіпорындарында конкурстық және контракт негізінде орналастырылатын өнімді (жұмыстар мен қызмет көрсетулерді) мемлекеттің мұқтажы үшін сатып алу көлемі;

жекелеген салаларды, аймақтарды, кәсіпорындарды, ғылыми-техникалық прогрестің басым бағыттарын қолдауға, сондай-ақ мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруға қажетті орталықтандырылған қаржылық және валюта қаражаты, кредиттер;

осы қаржыларды пайдалана отырып жүзеге асырылатын орталықтандырылған инвестициялар көлемі және маңызды құрылыстар тізбесі, сондай-ақ сырттан алынатын қарыз көлемі және қаржыландырудың сыртқы көздері есебінен іске асырылатын жобалар тізбесі;

салық ставкаларының, амортизациялау нормалары мен есептеу тәртібінің кредит үшін проценттердің, кеден бажының, салымдардың және т.б. өзгеруі;

мемлекеттік кәсіпорындардың жұмыс істеуінің және экономикалық реформаны жүзеге асырудың шарттарын айқындайтын көрсеткіштер;

халықты мекен-жайы бойынша әлеуметтік қорғау мен әлеуметтік проблемаларды шешу шаралары.

23. Мемлекеттік бағдарламалар ұзақ мерзімді индикативтік жоспар құрамында неғұрлым маңызды әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешу үшін жасалады. Орта мерзімді және жылдық жоспарларды жұмыстың мазмұны мен қаржыландыру көлемі қаржыландырудың нақты жағдайына байланысты реттелеп отырады.

24. Салалардың, облыстардың және Алматы қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарының құрамын Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарының негізінде салалық және аймақтық ерекшеліктерді ескере отырып тиісті орталық және жергілікті атқарушы органдар айқындайды.

25. Кәсіпорындар мен ұйымдардың индикативтік жоспарларының құрамын Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі орталық және жергілікті атқарушы органдарға жеткізілген үлгілер мен көрсеткіштер негізінде өздері

д е р б е с

ж а с а й д ы .

26. Экономиканы басқарудың барлық деңгейлерінде жасалатын индикативтік жоспарлар құрамында Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген көлемде жұмылдырушы қуаттарды құру, дамыту және сақтау, жұмылдырушы резервтің материалдық құндылықтарын жаңарту көзделуге тиіс.

IV. Индикативтік жоспарларды жасаудың тәртібі мен мерзімдері

27. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарын орталық және жергілікті атқарушы органдарының қатысуымен Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, облыстар мен Алматы қаласының индикативтік жоспарын - тиісті жергілікті атқарушы органдар, салалардың индикативтік жоспарын - орталық атқарушы органдар ж а с а й д ы .

Стратегиялық жоспарлар кәсіпорындар мен ұйымдардың қатысуынсыз жасалады, орта мерзімдік және жылдық жоспарлар кәсіпорындар мен ұйымдардың қатысуымен жасалады. Стратегиялық жоспарлар бекітілер алдында міндетті түрде экологиялық сараптауға тапсырылады.

28. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарының макроэкономикалық көрсеткіштерін жасауды Қазақстан Республикасының Ұлттық банкімен өзара іс-қимылда (келісім бойынша) Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі мен Қаржы министрлігі жүзеге асырады.

29. Орталық және жергілікті атқарушы органдардың, кәсіпорындар мен ұйымдардың жоспарлау жөніндегі жұмыстарына әдістемелік басшылықты және үйлестіруді Қазақстан Республикасының экономика министрлігі жүзеге асырады.

30. Стратегия және орта мерзімдік жоспарлар жасаудың тәртібі мен мерзімдері Қазақстан Республикасы Үкіметінің арнаулы қаулыларымен а й қ ы н д а л а д ы .

31. Жылдық жоспар төмендегідей ретпен жасалады:

Орталық және жергілікті атқарушы органдар жоспарланатынның алдындағы жылдың 1 мамырына дейін Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі мен қаржы министрлігіне орта мерзімді индикативтік жоспарда белгіленген мемлекеттік экономикалық саясатты нақтылау және нақтылану мүмкіндігі жөнінде ұсыныстарды (республикалық бюджеттен қаржыландыруға қатысты бөлігі бойынша), Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі белгілеген экономиканың тиісті салалары мен секторларының аса маңызды көрсеткіштер

бойынша даму болжамын ұсынады.

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі мен Қаржы министрлігі жоғарыда аталған ұсыныстарды, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық процестерді дамытудың болжамдалатын бағыттарын ескере отырып жоспарланатынның алдындағы жылдың 15 мамырына дейін Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының кеңейтілген болжамын және келесі жылға арналған мемлекеттік бюджеттің кірістері мен шығыстарының негізгі параметрлерінің болжамын жасайды.

Жоспарланатынның алдындағы жылдың мамырының қалған мерзімі ішінде Қазақстан Республикасының экономика министрлігі мүдделі орталық және жергілікті атқарушы органдармен мемлекеттік бюджеттің макроэкономикалық көрсеткіштерін және кірістері мен шығыстарының негізгі параметрлерінің болжамын, Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің ақшалай-кредит саясатын қосқандағы экономикалық саясаттың негізгі бағыттарын келіседі.

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жоспарланатынның алдындағы жылдың 1 маусымына дейін орталық және жергілікті атқарушы органдарға мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясаттың негізгі бағыттарының түзетілген нұсқасын, сондай-ақ рыноктық конъюнктураны сипаттайтын аса маңызды параметрлерді, мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру жөніндегі негізгі көрсеткіштерді, жоспарланатын жылға арнап республикалық бюджеттен инвестициялық жобаларға және тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) мемлекеттік сатып алуға арналған қаражат мүмкіндігін, сондай-ақ индикативтік жоспар жасау үшін нысандар мен көрсеткіштерді х а б а р л а й д ы .

Орталық және жергілікті атқарушы органдар бір апта мерзім ішінде индикативтік жоспар жасауға тартылатын кәсіпорындар мен ұйымдарға осы а қ п а р а т т ы х а б а р л а й д ы .

Экономиканың мемлекеттік емес секторларының кәсіпорындары мен ұйымдарына (бақылау пакеті мемлекет қолында тұрған акционерлік қоғамдардан басқа өндірістік кооперативтерге, шаруашылық серіктестіктеріне) жергілікті атқарушы органдардың тарапынан хабарлайды.

Кәсіпорындар мен ұйымдар, алынған ақпараттардың негізінде өзінің даму жоспарын өз бетінше қалыптастырады және өздерінің келесі жылға арналған ниеттері туралы жоспарланатынның алдындағы жылдың 1 шілдесінен кешіктірмей тиісті орталық және жергілікті атқарушы органдарға хабарлайды.

Акциялардың бақылау пакеті мемлекет қолында тұрған мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдар, акционерлік қоғамдар келесі жылға арналған өздерінің ниеттері туралы Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі айқындайтын көрсеткіштердің шектеулі тізбесі бойынша тиісті орталық және

жергілікті атқарушы органдарға хабарлайды.

Экономиканың мемлекеттік емес секторындағы кәсіпорындар мен ұйымдар өздерінің ниеттері туралы сауалнама жүргізу тәртібімен мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарына хабарлайды. Әлеуметтік-экономикалық дамуды талдау мен болжамдауға қатысты сауалнама жүргізу тәртібін Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі айқындайды.

Орталық және жергілікті атқарушы органдар кәсіпорындар мен ұйымдардың ниеттері туралы жинақталған ақпаратты жоспарланатынның алдындағы жылдың 1 тамызынан кешіктірмей Экономика министрлігіне хабарлайды.

Экономика министрлігі мен қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің қатысуымен тамыз айында экономикалық реттеушілер жүйесі мен мемлекеттік мұқтаждықтарды ресурстық қамтамасыз етуді қоса есептегендегі индикативтік жоспар мен бюджет көрсеткіштерінің өзара байланысын жүргізеді.

Республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарының жобасы республикалық бюджет жобасымен бір мезгілде жоспарланатынның алдындағы жылдың қыркүйегінен кешіктірілмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынылады.

Индикативтік жоспардың жобасы Қазақстан Республикасының Үкіметіне қаралғаннан кейін Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі орталық және жергілікті атқарушы органдардың қатысуымен оны жетілдіруді қамтамасыз етеді және оның ақырғы нұсқасын жоспарланатынның алдындағы жылдың қарашасынан кешіктірмей Үкіметке ұсынады.

Өнімдерді әзірлеу, өндіру, жеткізу, қорғанысты, қауіпсіздікті және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету үшін жұмыстар мен қызмет көрсетулерді орындау (мемлекеттік қорғаныс тапсырысы) жөніндегі жоспарларды құру Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

V. Индикативтік жоспарларды қараудың және қабылдаудың тәртібі

32. Қазақстан Республикасының Үкіметі жоспарланатынның алдындағы жылдың желтоқсанында Қазақстан Республикасы Үкіметінің Мемлекеттік экономикалық саясатты жүзеге асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарын, құрылысы мемлекеттік орталықтандырылған қаржыландыру көздерінің есебінен жүзеге асырылатын объектілердің тізбесін, басқа да реттеуші көрсеткіштерді бекітеді.

33. Облыстар мен Алматы қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарлары "Қазақстан Республикасының жергілікті өкілетті және атқару органдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, салалар

тиісті орталық атқарушы органдардың басшылары тарапынан қаралады және б е к і т і л е д і .

34. Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспары ұсыным сипатында болады. Экономиканы дамытудың негізгі индикаторлары шаруашылық жүргізуші субъектілер үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шекте олардың өз дамуының жоспарлары мен бағдарламаларын жасау кезінде б а ғ д а р б о л ы п т а б ы л а д ы .

35. Акциялардың бақылау пакеті мемлекеттің қолындағы мемлекеттік кәсіпорындар мен акционерлік қоғамдар үшін салалық және аймақтық индикативтік жоспарлар оларды жүзеге асыру үшін республикалық және жергілікті бюджеттен, соларға теңестірілген басқа көздерден бөлінген қаражат бөлігінде орындауға міндетті болуы мүмкін.

36. Өнімдерді (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) мемлекеттік сатып алулар Қазақстан Республикасында тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) мемлекеттік сатып алулар жүйесі туралы Ережеге және жергілікті атқарушы органдардың сол секілді ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

VI. Индикативтік және бюджеттік жоспарлаудың ө з а р а қ а р ы м - қ а т ы н а с ы

37. Индикативтік жоспарларды әзірлеу кезінде оларды алдағы жылы жүзеге асыру үшін қажетті қаражат көлемі мен экономикалық реттеушілер жүйесі республикалық және жергілікті бюджеттердің кірістерімен және шығыстарымен ө з а р а б а й л а н ы с а д ы .

Бюджеттердің кіріс бөлігі макроэкономикалық көрсеткіштерден туындап жоспарланады, ал шығын бөлігі әлеуметтік-экономикалық дамудың индикативтік жоспарының мақсаттарына, міндеттеріне және басымдылықтарына бағдарланады .

38. Қазақстан Республикасының Үкіметі республикалық бюджеттің жобасын Қазақстан Республикасының алдағы жылға арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарымен бір мезгілде қарайды.

VII. Орталық және жергілікті атқарушы органдардың облыстардың және Алматы қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарларын қалыптастыру жөніндегі өзара іс-қимылы

39. Облыстардың және Алматы қаласының аумақтарында орналасқан

меншіктің барлық нысандарындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың тиісті облыстардың және Алматы қаласының әкімдеріне аймақтың орта мерзімді және қысқа мерзімді кезеңдерге арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарының жобасына өздерінің ниеттерін ұсынуы IV бөлімде мазмұндалған тәртіпте жүзеге асырылады.

Акциялардың бақылау пакеті мемлекеттің қолындағы мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың, акционерлік қоғамдардың ниеттері жергілікті атқарушы органдарға ұсынылар алдында міндетті түрде тиісті орталық атқарушы органдардың индикативтік жоспарларының жобаларына ұқсастырылуы және б а й л а н ы с т ы р ы л у ы қ а ж е т .

Облыстардың және Алматы қаласының Әкімдері кәсіпорындар мен ұйымдардың ниеттерін жинақтап қорытады, және облыстар мен Алматы қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштерін әзірлейді және тиісті түсіндірме жазбамен, есептеулермен және негіздемелермен бірге Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне ұсынады.

Сонымен бір мезгілде жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне орталық атқарушы органдарымен келіспеушілік қалған көрсеткіштердің тізбесін тапсырады.

Егер тиісті аумақтарда орналасқан кәсіпорындар мен ұйымдар, концерндердің, корпорациялардың, консорциумдардың, жалдамалы кәсіпорындардың және т.б. (бұдан әрі - бірлестік) құрамына кірсе, көрсеткіштер жалпы бірлестік бойынша беріледі.

Егер бірлестіктердің құрамына кіретін кәсіпорындар Қазақстанның бірнеше облыстарының аумағына орналасса, олардың қызметінің көрсеткіштері тиісті аумақтар бойынша жеке-жеке ұсынылады.

Бірлестіктердің құрамына қызметінің сипаты жағынан әр алуан салаларға жататын бірнеше кәсіпорындар мен ұйымдар кіретін жағдайда көрсеткіштер салалық кеніште ұсынылады.

VIII. Индикативтік жоспарларды жасауды ақпараттармен қамтамасыз ету

40. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Еңбек министрлігі, Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті және оның жергілікті жердегі органдары, мемлекеттік Экспорт-импорт банкі, Қазақстан Республикасының

Ұлттық Банкі (келісім бойынша), өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдар әлеуметтік-экономикалық дамудың индикативтік жоспарын жасау үшін қажетті ақпараттық-статистикалық материалдарды, сондай-ақ олардың белгіленген мерзімге жүзеге асырылу барысына талдауларды Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне және облыстар мен Алматы қаласының әкімдеріне ұсынады.

IX. Индикативтік жоспардың жүзеге асуын бақылау

41. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі тоқсан сайын, Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының ағымдағы жоспарын жүзеге асырудың барысы туралы Үкіметке ақпарат береді.

42. Қазақстан Республикасының Үкіметі әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарының орындалуы туралы Қазақстан Республикасының Президентіне ақпарат береді.